

Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парагын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 16 тамыздағы № 7 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 16 тамыздағы № 80 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 18 тамызда № 24034 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына және 143-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген тексеру парагының нысанына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес заң консультанттарына, заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз мамандарға; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде деддалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бақылау саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бұйрыққа З-қосымшаға сәйкес бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерге қатысты Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың мемлекеттік бағалау саласындағы тексеру параграфы бекітілсін.

2. "Қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру параграфын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 999 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 77 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21422 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Қаржылық мониторинг субъектілерімен жұмыс жөніндегі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

А. Иргалиев

Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг
агенттігінің төрағасы

Ж. Элиманов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2021 жылғы 16 тамыздағы
№ 80 және
Қазақстан Республикасы
Қаржылық мониторинг
агенттігі Төрағасының
2021 жылғы 16 тамыздағы
№ 7 бірлескен бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заннамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндептін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес әзірленді және бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу мақсатында бақылау субъектілерін іріктеуге арналған.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері – заң консультанттары және заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар мынадай қызметтерге: жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға, клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға, банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға, компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға, занды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және занды тұлғалар; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және занды тұлғалар; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және занды тұлғалар, бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер;

2) болмашы бұзушылықтар – қылмыстық жолмен алынған кірістерді жылыстату, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру (бұдан әрі – КЖ/ТК/ЖКҚТК) қаупінің туындауы үшін алғышарттар жасамайтын, бірақ өз қызметін жүзеге асыру кезінде қаржы мониторингі субъектілері үшін орындау міндепті болып табылатын қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы (бұдан әрі – КЖ/ТК) іс-қимыл туралы заннама талаптарының бұзушылықтары;

3) елеулі бұзушылықтар – КЖ/ТК/ЖҚҚТҚ қаупінің туындауы үшін алғышарттар жасайтын КЖ/ТКҚ туралы заңнама талаптарының бұзушылықтары;

4) өрескел бұзушылықтар – КЖ/ТК/ЖҚҚТҚ қаупін келтіретін КЖ/ТКҚ туралы заңнама талаптарының бұзушылықтары;

5) тәуекел – бақылау субъектісі қызметінің нәтижесінде оның салдарының ауырлық дәрежесін, сондай-ақ КЖ/ТК/ЖҚҚТҚ қаупін ескере отырып, жеке және заңды тұлғалардың заңды мұдделеріне, мемлекеттің мұліктік мұдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

6) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл (бұдан әрі - КЖ/ТК/ЖҚҚТҚҚІ) саласында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) осындаи бақылау субъектісін бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі;

7) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – КЖ/ТК/ЖҚҚТҚҚІ саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары ;

8) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісі қызметінің нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

9) тексеру парагы – бақылау субъектілерінің қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы КЖ/ТК/ЖҚҚТҚ, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мұдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

10) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

11) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

12) іріктеме жиынтық (іріктеме) – КЖ/ТК/ЖҚҚТҚҚІ саласындағы бақылау субъектілерінің біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің тізбесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржылық мониторинг агенттігі

Төрағасының 25.05.2023 № 3 және КР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен

бүйрігымен.

3. Алып тасталды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023 № 3 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрігымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылдыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сактаудың тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары

4. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрігымен.

5. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023 № 3 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бүйрігымен.

5-1. Алып тасталды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023

№ 3 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне:

бағалы металдар мен тастардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар жатады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.03.2025 № 4 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.03.2025 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

6-1. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне:

лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар;

бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер;

заң консультанттары - мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;

банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;

компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға;

заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда;

бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар жатады.

Ескерту. 2-тaraу 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.03.2025 № 4 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.03.2025 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне, заң мәселелері жөніндегі тәуелсіз мамандар жатады - мынадай қызметтерге:

жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға;

клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға;
банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға;
компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін
қаражат жинақтауға;

занды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе
оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша
ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының 19.03.2025 № 4 және КР Ұлттық экономика министрінің 26.03.2025 № 14
(алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа
енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

8. Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау
субъектілерінің салалары үшін бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық
бақылау жүргізіледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының 09.12.2022 № 40 және КР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 №
121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

9. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері
субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің неғұрлым жоғары көрсеткіші
бар бақылау субъектісінің басымдығы ескеріле отырып жасалады.

10. Бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуінді еселігі
субъективті өлшемшарттар бойынша алынған мәліметтерді талдау және бағалау
нәтижелері бойынша анықталады және жылына 2 (екі) реттен жиі болмауға тиіс.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржылық мониторинг агенттігі
Төрағасының 25.05.2023 № 3 және КР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84
(алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен
бұйрығымен.

З-тарау. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыштатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын
сактаудың тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары

11. Субъективті өлшемшарттарды анықтау мынадай кезеңдерді қолдана отырып
жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Бақылау субъектілерінің субъективті өлшемшарттарының тәуекел дәрежесін
бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің
нәтижелері;

2) алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

3) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.03.2025 № 4 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.03.2025 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

12-1. Талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Бұрын жүргізілген бақылау субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілерін мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

Ескерту. 3-тaraу 12-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

12-2. Бақылау субъектілері тәуекел дәрежесі жоғары ақпараттық жүйені қолдана отырып тәуекелдің орташа дәрежесіне немесе тәуекелдің орташа дәрежесінен бақылау және қадағалау субъектілері қызметінің тиісті салаларында тәуекелдің төмен дәрежесіне ауыстырылады:

1) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса.

Ескерту. 3-тaraу 12-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 09.12.2022 № 40 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 09.12.2022 № 121 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

13. Бақылау субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау және оларды тәуекел дәрежесінің өрескел, елеулі және болмашы тобына жатқызу осы Өлшемшарттарға қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

13-1. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын және КЖ/ТК/ЖҚҚТҚҚІ саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында белгіленген субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, Заң консультанттары және заң мәселелері бойынша басқа да тәуелсіз мамандар мынадай

қызметтерге: жылжымайтын мүлікті сатып алуға-сатуға, клиенттің ақшасын, бағалы қағаздарын немесе өзге мүлкін басқаруға, банктік шоттарды немесе бағалы қағаздар шоттарын басқаруға, компанияны құру, қамтамасыз ету, оның жұмыс істеуі немесе оны басқару үшін қаражат жинақтауға, заңды тұлғаларды құруға, сатып алуға-сатуға, олардың жұмыс істеуіне немесе оларды басқаруға қатысты олар клиенттің атынан немесе оның тапсырмасы бойынша ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларға қатысатын кездегі жағдайларда; лизинг беруші ретінде лизингтік қызметті лицензиясыз жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату мәмілелерін жүзеге асыру кезінде делдалдық қызметтер көрсететін дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға; бағалы металдармен және асыл тастармен, олардан жасалған зергерлік бұйымдармен операцияларды жүзеге асыратын дара кәсіпкерлерге және заңды тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алғынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау саласында субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындаудың субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес тәуекел дәрежесінің көрсеткіші Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша 0-ден 100 баллға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Ескерту. 3-тaraу 13-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023 № 3 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

4-тaraу. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алғынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтаудың тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі

14. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады:

1) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Рарал = SP + SC, мұнда

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп КЖ/ТҚҚ саласындағы мемлекеттік бақылаудың бақылау субъектілерінің біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау субъектілерінің біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды;

2) алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін пайдаланылатын ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Егер өрескел бұзушылықтар анықталмаса, тәуекел дәрежесінің көрсеткішін анықтау үшін елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткіш есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,7, \text{ мұндағы:}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтар саны;

болмашы бұзушылықтар көрсеткішін анықтау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мынадай формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100/SP_1) \times 0,3, \text{ мұндағы:}$$

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтар саны;

бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шекіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H, \text{ мұндағы:}$$

SP – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтар көрсеткіші;

SP_H – болмашы бұзушылықтар көрсеткіші;

бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

3) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ где}$$

x_i – субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i – x_i субъективті өлшемшарт көрсеткішінің үлес салмағы,

n – көрсеткіштер саны.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі;

4) R көрсеткіші бойынша субъектілер бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}} \times 100,$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең тәменгі ықтимал мән (шәкілдің тәменгі шекарасы),

Карал – осы тармақтың 1-тармақшасына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - КР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023 № 3 және КР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

Қылмыстық жолмен алынған
 кірістерді зандастыруға
 (жылыстатуга) және терроризмді
 қаржыландыруға қарсы
 іс-қимыл туралы заннамасын
 сақтаудың тәуекел дәрежесін
 бағалау өлшемшарттарына
 1-қосымша

**Бақылау субъектілерінің қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыруға (жылыстатуга)
) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заннама талаптарын
бұзушылықтарының дәрежелері**

Ескеरту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 25.05.2023 № 3 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.05.2023 № 84 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 19.03.2025 № 4 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 26.03.2025 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрықтарымен.

№ п/б	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
1	Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) туралы акпаратты ұсыну	өрескел
2	Қаржылық мониторингке жататын ақшамен және (немесе) мүлікпен жасалатын операциялар (шекті сомаға тең немесе одан асатын операция) туралы акпаратты уақтылы ұсыну (жасалған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей)	болмашы
3	Күдікті операциялар туралы акпаратты уақтылы ұсыну (олар жүргізілгенге дейін күдікті деп танылмаған операциялар бақылау субъектісінің ішкі бақылау қағидаларына сәйкес күдікті деп танылғаннан кейін жиyrма төрт сағаттан кешіктірілмей ұсынылады)	елеулі
	Қылмыстық кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы	

4	<p>ақпаратты уактылы ұсыну (кылмыстық кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді каржыландыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар клиенттің операциясы күдікті деп танылған және осындай танылудың нәтижелері тіркелгеннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей)</p>	елеулі
5	<p>Клиентпен іскерлік қатынастар орнатылған, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған, клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің анықтығына күмәндануға негіздер болған жағдайларда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру шеңберінде сұратылатын мәліметтер мен құжаттарды тіркеу бойынша шараларды сактау, оның ішінде жеке тұлғаны, занды тұлғаны (филиалды, өкілдікті, занды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымды) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу; бенефициарлық меншік иесін анықтау және оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу; іскерлік қатынастардың болжамды мақсаты мен сипатын анықтау; жасалатын операцияларды қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді қажет болған кезде алуды және тіркеуді қоса алғанда, іскерлік қатынастарды тексеруді және осы қаржы мониторингі субъектісі арқылы клиент жүзеге асыратын операцияларды зерделеуді тұрақты негізде жүргізу; клиентті (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіруге қажетті мәліметтердің анықтығын тексеру және клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту;</p>	елеулі

	<p>клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің жария лауазымды адамға, оның жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына жататынын және (немесе) қатыстылығын тексеруді жүзеге асыру; қылмыстық жолмен алынған кірістерді зандастыру (жылыстату) және терроризмді каржыландыру жағдайларына осы жария лауазымды адамның қатыстылығына байланысты оның беделін бағалауды жүзеге асыру; осындай клиенттермен іскерлік қатынастар орнатуға, оларды жалғастыруға ұйымның басшы қызметкерінің жазбаша рұқсатын алу; осындай клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің ақшасының және (немесе) өзге де мұлкінің шығу көзін анықтау үшін қолжетімді шараларды қабылдау, клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексерудің күшейтілген шараларын тұрақты негізде қолдану бөлігінде</p>
	<p>Клиентпен іскерлік қатынастар орнатылған, ақшамен және (немесе) өзге мұлікпен операциялар, оның ішінде құдікті операциялар жүзеге асырылған, клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің анықтығына құмәндануға негіздер болған жағдайларда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру шеңберінде сұратылатын мәліметтер мен құжаттарды сактау бойынша шараларды сактау, оның ішінде жеке тұлғаны, заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті, заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымды) сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу; бенефициарлық меншік иесін анықтау және оны сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтерді тіркеу; іскерлік қатынастардың болжамды</p>

